

Л. А. ЧАЛТИКЕНОВА

СӨЗ ТІРКЕСТЕРІ МЕН ЖАЛГАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАРДЫҢ ӨЗГЕРІСІНЕН ЖАСАЛҒАН СӨЗ ВАРИАНТТАРЫ

Сөздер сөз тіркесінің құрамында, белгілі грамматикалық тұлғада айтылып, сөйлем мұшелерінің қызметінде жүмсалады. Сөз тіркесіне тән белгілер мыналар:

- 1) кемінде толық екі мағыналы сөзден құралатындығы;
- 2) олардың бір сынары негізгі – басынқы, екіншісі – бағыныңқы болатындығы;
- 3) тіркескен сөздердің сабактаса байланысатыны;
- 4) солардың нәтижесінде белгілі синтаксистік қатынас – жаңа грамматикалық мағына пайда болатындығы. Кемінде толық мағыналы екі сөзден құралып, сабактаса байланысып синтаксистік қатынасты білдіретін сөздер тобын – сөз тіркесі дейміз [1, 300]. Ал А. Н. Гвоздев «... мағынасы мен грамматикалық жағынан бірігіп, ұғымдардың арасында қатынас тудыратын сөздерді сөз тіркестері деп атайды», – дейді [2, 13].

Синтаксистік варианттың бір тобы сөз тіркесіне қатысты. Фонетикалық, лексикалық, морфологиялық жарыспа тұлғалармен салыстырғанда синтаксистік варианттардың артық сыннарының аласталуы ұзакқа созылады. Мәселен: алгашиңда// алгашиқы кездे// ілкі өзірде, әлең салды// зыбан ұрды, көкей кесті// көкей тесті, етек алу// етек жаю, лықа толы// лықа тола, әуел баста// әу баста, дей тұрганмен// дей тұрса да// деңгемен, бері қара// бермен қара, ол түгіл// ол тұргай, қора толған// қора толы, бүгесінен тұсу// бүгінен тұсу, асықты жілік// асық жілік, күлмен қагу// күлім қагу, тым болғанда// тым болмаса// тым болмаганда, ұмытпау үшін// ұмытпас үшін, ай даға// жапан даға, некеге тіркеу// некеге отыру, айна қатесіз// айнадай қатесіз, амал жок// амал нешік, аяқ астынан// табан астынан, даңғыл жол// сара жол, жасағспірім// жаса ұлан// жаса түлек, жасама ағайын// қабырга ағайын, жай тұсу// жасасыл тұсу, жарай ма// иә ма, соңғы кезде// соңғы өзірде, бүлік шығару// шүрқан салу, ақ бас тырна// ақ басты тырна, ақ тұмсық қарға// ақ тұмсықты қарға жарыспаларының көшпілігі әдеби тілде қолданылады. Сонымен бірге, орыс тілінен калька тәсілімен аударылған жаңа сөз тіркестері мынадай: кешенді бригада, дөңгелек

стол, гауһар той, алтын той, алтын кітап, қызыл кітап, ақсақалдар алқасы, ағымдағы міндептер, кәсіптік бағдар, мәңгілік алау, әлеуметтік тапсырыс, әміршіл-әкімшіл жүйе, шаруашылық есеп, гарыш кемесі, даңқ мемориалы, даярлау болімі, даярлық топ, жеке менишіктеніру, емделу қағазы, жедел сұхбат, мердігерлік әдіс, балама негіз, жалға беру, жыртталы күнпарат, күнпарат, қосалқы болшек, сауда нұктесі, салауатты өмір салты, тың игеру.

Осындай көптеген сөз тіркестері тіл қажетін өтейтін сөз орамдары ретінде бірден-ак колдау жарасымын тауып, әдеби тілде орнықты. Синтаксистік вариант жасайтын сөз тіркестері құралдық қатынасты, бөліну, даралану, бірлестік, тұтастық, заттың неден жасалғандығын білдіреді. Мысалы: радиодан айтқан // радиомен айтқан, ағамнан айрылысу // ағаммен айрылысу, ұлас // ұштас, түгел // тегіс, ел-жұртпен араласу // халықпен араласу, қосылуға // қосылған.

Орыс тілінен калька тәсілімен аударылған тіркестердің де баспасөзде жарыса қолданылып жүргендегі бар: кәсіптік бағдар // кәсіби бағдар, орта азия // кіндік азия, леспе аударма // қосарласа аударма // синхронды тәржісіме, кәдесій // қолузік // сувенир, мәңгі алау// мәңгілік алау, өнер-жай үйі // шыгармашылық үйі // творчество үйі, тәлімгер ұстаз // жетекші ұстаз, той ағасы // тамада, ысырмалы календарь // күнпарат.

Көп жағдайда тіркестің іс-қимылға құрал ретіндегі заттық қатынасын білдіретін қызметі мен себептік мағынаны білдіру қасиеті басымырақ болғандықтан, оларды дәл ажыратып табуға қындық келтіреді. Мәселен: –Рас болса, біздің Сарыбұйраттың үстімен отеді деген көусет бар (А. Сейдімбеков). 2. Адаммен мансап қасиет табады (М. Әуезов). 3. Жауапкер Ералы да болған халді түгелімен шолды (М. Әуезов). 1. – Рас болса, Сарыбұйраттың үстінен отеді. 2. Адамнан мансап қасиет табады (М. Әуезов). 3. Жауапкер Ералы да болған халді түгелінен шолды (М. Әуезов). Бұл тіркестердің бағыныңқы сыннарларын шығыс септігіне қойып айтсақ, айттарлықтай өзгеріс байқалмайды әрі қимыл әрекеттің себебін білдіріп вариант жасап тұр.

Тілдің теориялық мәселелерін шешуге күнделікті қатынас құралы есебінде тілміздің икемділігін, оралымдылығын арттыруда синтаксистік вариантардың алатын орны ерекше.

Сөздердің вариант болып өзара алмасып жұмсалуы сияқты кейбір тіркестердің екінші функциялас сынары болады. Ол функциялық вариант тіркес мына түрде құралады. Мысалы: *Ал Орынбор әкімдері, патша ағзамның нұсқауы бойынша, жайылым бермек түгіл, Кіші жүздің ру-ларына Жайықтың ар жағына отуге тыйым салды* (І. Есенберлин). Бұл сөйлемдегі нұсқауы бойынша тіркесті нұсқауымен деп айтуда болады. Функциялас осы екі тіркестің көмекші есімсіз құралатын түрін ауызекі сөйлеу тілнің аясында туған үнемді вариант деп тануымыз керек.

Жалғаулық шылаулар жай сөйлемдердің бірынғай мүшелердің немесе құрмалас сөйлемге енген жай сөйлемдердің арасын байланыстыру үшін қолданылады. Олардың мағынасына қарай жекежеке жұмсалу ерекшеліктерін де байқауға болады. **Және, мен, әрі жалғаулығы** есім сөздердің, етістіктердің де ынғайлстыра байланыстырады. **Және, мен жалғаулығы** бір-бірімен синонимдес болып келіп, бірнің орнына екіншісі жұмсалып вариант жасайды. Мысалы: *Артында қалған бала-сы мен әйелінің келешегі қайтеді деп қана қиналады. Артында қалған әйелі және баласының келешегі қайтеді деп қана қиналады. Артында қалып бара жатқан әйелі мен баласының келешегі қайтеді деп қана қиналады. Әйелі мен баласы артында қалғаны үшін келешегі қайтеді деп қана қиналады* [3, 68].

Және, мен, әрі жалғаулығының сөйлемнің ортасында қолданылғанда есім сөздер арасында, етістік пен есім, есімше мен етістіктердің арасында келеді. Мәселен: *Қасболат тұрғысы кел-мей және ешнәрсеге түсінбей аунап түсін көзін қай-тып жүмді. Қасболат тұрғысы келмей әрі еш-нәрсеге түсінбей аунап түсін көзін қайтып жүмді*. Осындай жағдайда және жалғаулығы әрі жалғаулығымен алмасып вариант жасап тұр.

Және жалғаулық шылауы тағы да жалғаулық шылауымен мағыналас болып келіп, вариант болады. Мысалы: *Ойламасқа және болмайды. Ойламасқа тағы да болмайды. Тағы жалғаулық шылауын және де жалғаулығымен алмастырып қолдансақ та сөйлемнің мағынасы еш өзгермедин, тепе-тен күйінде болады*.

Басына тиді байқадын,
Бәрінен басты шайқадын.
Тағы да бар ма айтарын? [4].

Нанғыш болсаң енді нан. Қыранның көзі қырагы болады, әрі өзі алатын аңды алыстан сезеді. Қыраннның көзі қырагы болады тағы да алатын аңды алыстан сезеді. Осындағы әрі, тағы да жалғаулықтары мағынасы тепе-тен болып вариант жасап тұр.

Әлде, не, немесе, не болмаса жалғаулық шылаулары да мағыналас және бұл жалғаулықтардың өзіне тән қолданылу ерекшеліктері бар. Әлде жалғаулығы өзі қатысты сөзден бұрын қолданылады және әрі жалғаулығымен бір мағынада қолданылады. Мәселен: *Үлкен қара молдір көзінде әлде еркелік, әлде наз, аса бір сыйтай үяңдық бар. - Үлкен қара молдір көзінде әрі еркелік, әрі наз, аса бір сыйтай үяңдық бар*.

Әлде жалғаулығы не, немесе, не болмаса жалғаулықтарымен де өзгеріске түсіп, мағыналас болып келеді. Мысалы:

Мезгілсіз неге жауды жаңбыр бұлай,
Жас сұлу зар шеге ме жылай-жылай,
Немесе төгілетін қаны ма екен
Оятқан топыракты әлде қалай.

Сөз бе екен сол? Ол емес естігендерің! Ақан айттайтының оны, жаңылыс естігенсіздер, не жалған буларың.

Не, әлде, я, яки, бірде жалғаулықтары да сөйлемнің алдында тұрып қайталанып, бірде жалғаулығы көбінесе сөйлемдердегі сын есімнен болған бірынғай сөйлем мүшелерінің алдында бірімен-бірін жалғаулықтарып байланысады. Осыған мағыналас бірсесе жалғаулық шылауы сөйлемдегі бірынғай есім сөздердің, етістіктің алдында келіп оларды байланыстырып, сөйлемге рең беріп тұрады. Кейде жалғаулығы біркелкі нысандағы сөздерге, сөйлемдерге тіркесіп, олардың арасындағы мезгілдік қатынасты білдіреді. Мысалы: *Ол көбінше қорғасын тәрізденсе, кейде қалайы, кейде күміс атын қалғандай болады. Ол көбінше қорғасын тәрізденсе, бірде қалайы, бірде күміс атын қалғандай болады*. Бұл жалғаулық шылаулар сөйлемде алмастырып қолданғанымен мағынасы ешбір өзгермей, вариант жасап тұр. Егер олар сөйлемде синоним болып тұрған болса, мағыналары тен емес, жуық мәндес болып келер еді. Мәселен: *Ол бірде биік, бірде аласа, бірде қатал, бірде жұмсақ мінезді, бірде шешен, бірде сараң сезді еді*. Осындағы **бірде жалғаулық шылауының** орнына **кейде жалғаулық шылауын** қолдануға да болады. Себебі, бұл екі жалғаулық шылаулардың сөйлемдегі сөздерді байланыстыру қызметі бір және мағыналары тепе-тен.

Біресе жалғаулығының орнына **бірде** жалғаулығы да қолданылады.

Күн біресе жарқылда, біресе шарпылда үрей қалдырмады.

Бірақ жалғаулығының негізгі қызметі салласа байланысқан сөйлемдер арасындағы қарсылықтық қатынасты білдіру. Осы жалғаулықтың орнына **алайда**, **әйтсе де**, **әйткенмен**, **сойтсе де**, **сонда да**, **дегенмен** жалғаулықтарын алмасып қолдануға болады. Мәселен:

Әзі жоқта бір қындық басқа түсін, тар дүниенің тауқыметін тартып жүрген, бірақ соның біріне сыр бермей шыдаммен төзіп келген әйелін Көлен шын көңілінен аяп кетті (Ә. Нұрпейісов) [3]. *Көлен қасына адам алғысы келмен еді, бірақ оған балықшылар қонбей сойыл согарлығы мол, еки-үш жігітті ертін жіберді.* Осындағы **бірақ** жалғаулығының орнына **дегенмен**, **алайда** жалғаулықтарын қойып жазуға болады. Ал басқа жалғаулықтарды пайдалансақ, сөйлемнің мағынасы мүлдем өзгеріп кетеді.

Салдар-себептік қатынастағы сөйлемдерді байланыстыратын **әйткені**, **себебі** жалғаулық шылаулерының сөйлемдегі мағынасы да бір-бірімен тен келіп, вариант жасайды.

Кеше қарсы қонақ атқа қонбақшы болып отыр, әйткені ертең Біржандар еліне қарай атманбақ. Осындағы **әйткені** жалғаулық шылауының орнына **себебі** жалғаулық шылауын жұмсаласақ, сөйлемнің мағынасы еш өзгермейді.

Сондыктан, **сол себепті**, **сол үшін** жалғаулықтары арқылы тіркессен сөйлемдердің алмасып қолданылуы арқылы вариант жасауы. Мәселен: *Ербол бұз әннің үнін жасақтырмаса да, сөзін ұнатты, сондықтан кейде Абай әніне қосылып та кетеді* (М. Әуезов) [5]. Осындағы **сондыктан** жалғаулық шылауының орнына **сол себепті** жалғаулығын қолдануға болады. Керісінше, **сол себепті** жалғаулығының орнына **сондықтан** жалғаулығы да қолданылады.

Туралы-турасында деген шылаулар өзара варианты болады: *тақырып туралы // тақырып турасында*. Бұған жөнінде, **қақында**, **жайында**, **жайлы** деген шылаулар да варианты бола алады.

Жеке сөйлемдердің де варианты кездеседі: **жасың қаншада // қанша жастасың // қаншадасың**, **жасың нешеде // неше жастасың // нешесің**, **жасым қырықта // қырық, жастамын //**

қырықтамын, сапар сәтті болсын // сәт сапар, жол болсын // жол болгай, қазақ тіліне аудар // // қазақшага аудар // қазақшала.

Професор Р. Әміров алатынын алды // алмасын алды, тау десе дегендей // тау десе тау екен, тәбетің шапқанша же // дегеніңше же, тақтайдың түскенін түскендей сатып алды // тақтайды түскенін түскендей сатып алды деген сөйлемдерді синтаксистік вариантика жатқызған [6, 22-25].

Жазба тілге ауызекі сөйлеу тілінің ықпалы ерекше. Ауызекі тілінде мәтін ыңғайына қарай септіктердің орын ауыстырылып және түсіріліп айтуы ұшырасады. Грамматикалық вариантының тілде көп уакыт бойы жарыса жұмсалуы тілдің грамматикалық құрылымының өзгеріске түсіп, көп қырлы болып, дамып жетіле түсініде өсер етуі ықтимал.

Сөз вариантының түлғалық және стильдік жақтарынан тілдің әртүрлі дәрежелерінде, мағыналық тере-тендігін сақтай отырып жарысып қолданылатын сөздер болып саналады. Сөздердің тере-тен болу идеясы вариантының сүйенеді, әдеби тіл нормасының дамуы сөз вариантының арқылы болады, олар тілде қолданылу жағдайларына қарай стильдік жағынан сарапалып отырады, сонымен жарыспалы сөздердің әрқайсысы әр түрлі мағынаға, стильдік әрге ие болады. Грамматикалық сөз вариантының мәңгі-баки жарыса бермейді, олардың біреуі әдеби норма болып қабылданады да, қалғандары әртүрлі стильдік жағдайларда жұмсалады.

Қазақ тілінің жан-жақты даму кезеңінде тіл мәдениетін, сөз қолдану мәдениетін берік сақтауға, басқаша айтқанда, тілдің ішкі заңына қарай сөздерді дұрыс ірікten қолдану, стильдік ерекшеліктерді орында пайдалана білу, айқын ойлап, дұрыс айту мәселесіне айрықша көніл бөлініп отыр.

ӘДЕБИЕТ

1. Балақаев М. Основные типы словосочетаний в казахском языке. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957.
2. Гвоздев А.Н. Очерки по стилистике русского языка. М.; Учпедгиз, 1955.
3. Нурпейісов Ә. Ұмырт. Алматы, 1960. 248 б.
4. Мырзалиев Қ. Өлеңдер жинағы. Алматы, 2002.
5. Әуезов М.О. Шығармалар жинағы. Алматы.
6. Әмір Р.С. Қазақ тілі нормаларын зерттеу мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2000. №1. 3-7-66.